



ОРТАЛЫҚ
АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

Орталық Азиядағы мәдени мұра және гуманитарлық ғылымдарды ілгері жылжыту



Университеттің көзқарасы

Орталық Азия Университеті (ОАУ) 2000 жылы Тәжікстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Қазақстан Республикасы және Жоғары Мәртебелі Ага Хан, әр елдің тиісті парламенттері ратификациялаған және Біріккен Ұлттар Ұйымында тіркеліп, қол қойған Халықаралық шартқа және Университет жарғысына сәйкес құрылған коммерциялық емес зайырлы университет. ОАУ әлемдегі аса ірі жеке даму агенттіктерінің бірі, Ага Ханның Даму Желісінің серіктесі бола отырып, оның міндеттемелері мен серіктестік қатынастарын кеңінен дамытып келеді.

ОАУ мақсаты – климаттың өзгеруі, экономикалық даму және жасанды интеллекттің дамуына байланысты түйткілдер (және мүмкіндіктер) контекстіндегі Орталық Азияның, әсіресе оның таулы өңірлері мен қауымдастықтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етуге бағытталған халықаралық деңгейде танылған зерттеу университеті болу. ОАУ белсенді серіктестерінің тізіміне Кембридж университеті, Оксфорд университеті, Лондон университетінің колледжі, Торонто университеті және Гумбольдт университеті кіреді.

Мәдениет, тіл және әдебиеттің дамуына ықпал ету

Университет жанындағы Жоғары Даму Мектебінің (ЖДМ) Мәдени мұра және гуманитарлық ғылымдар жөніндегі бөлім (ММГҒБ) өңірдің бай мәдени дәстүрлері мен мұрасын сақтау, сондай-ақ ерекшелік, қауымдастық және плюрализм идеяларын зерттеулер, білім беру, әлеуетті арттыру және ағартушылық қызмет жүргізу арқылы ілгері жылжыту бойынша жұмыс істейді. Ага Ханның «Адамтану» жобасы (АХАЖ) Орталық Азиядағы гуманитарлық ғылымдарды оқытудың озық тәжірибесін таратуға көмектеседі.

Зерттеулер нәтижелері

2013 жылы құрылған ММГҒБ 28 кітапты жарыққа шығарып, 20 аса ғылыми жұмыстарды жариялады, сондай-ақ көптеген деректі фильмдер түсірді, мұражай көрмелерін, музыкалық қойылымдар мен мәдени фестивальдер ұйымдастырды. Оның іргелі жұмыстарына «Памирдің музыкалық өнері» бес томдық жұмысы, екі томнан тұратын «Қырғыз әуендері», «Тянь-Шань тауының көне ескерткіштері», «Батыс және Шығыс Памирдің археологиялық карталары», сондай-ақ жаңа композицияларды жасау бойынша бірлесіп жұмыс істейтін Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, Моңғолия, Хакасия, Бурятия және Алтай Республикасының 20 музыкантын біріктіретін «Орталық Азия Музыкасы» жобасы бар. Мұның ең шарықтау шегі болып 2022 жылы «Аспан жүрегімізде шағылысады» атты есте қаларлық музыкалық қойылым табылды.

1997 жылы құрылған АХАЖ жобасы қоғамдық проблемаларды зерттейтін және сыни ойлау, академиялық жазу және конструктивтік пікірсайыс жүргізуге ықпал ететін өңірдің және оның шегінен тыс елдердің сарапшылары әзірлеген сегіз антологияға негізделген бірқатар пәнаралық гуманитарлық курстарды ұсынады. 2024 жылы «Орталық Азиядағы әйелдер: өткен және қазіргі шақ» атты жаңа антология жарияланатын болады, онда әйелдердің өңірдің әлеуметтік-мәдени дамуындағы атқарушы рөлі атап көрсетіледі. АХАЖ Қазақстандағы (34), Қырғызстан (12) және Тәжікстандағы (18) 64 оқу орындарымен ынтымақтастық орнатып отыр. 305 аса оқытушы оқу бағдарламаларына қатысады, және мыңдаған студенттер АХАЖ курстарынан пайда алады.



ОАУ жарияланымдары

Мұқабдадағы фотосурет: қазақ ауызша поэзия орындаушысы



1



3



2

Білім беру және әлеуетті арттыру

АХАЖ «Ағылшын тіліндегі гуманитарлық ғылымдар» (HiE) бағдарламасы өңірдегі академиялық оқылым, жазылым, сөйлеу және тыңдалым бойынша модульдерді қамтитын жалғыз бағдарлама болып табылады. Бағдарлама сыни ойлау, көпшілік алдында сөйлеу, зерттеулер, лингвистика, проблемаларды шешу, сценарийлер әзірлеу және қатысушылардың көшбасшылық дағдыларын дамытуды жетілдіруге бағытталған. HiE орта жоғары сынып оқушылары, студенттер мен аспиранттарға ұсынылады және әлемдік еңбек нарығында табысты жұмыс істеу үшін қажет дағдыларды үйретеді. Бүгінгі таңда бұл курстарды 2000 аса студент табысты өтті.

2020 жылы АХАЖ «Орта Азиялық дүниетаным: өткен және қазіргі шақ» оқу бағдарламасы мен магистерлік курс оқытушылары үшін оқу материалдары мен нұсқаулықты әзірледі, бүгінгі таңда аталған курс Қазақстандағы Шоқан Уалиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетін қосқанда, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның бірнеше университетінде оқуға ұсынылады. Курс Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстан үшін интерактивті электрондық этнографиялық картаны әзірлеу есебінен Қазақ География институтымен ынтымақтастықта кеңейтілген болатын.

ММГҒБ Орталық Азия мұражайларын дамыту жөніндегі бағдарламасы мәдениет-тарихи мұра бойынша инновациялық мұражай контентін жасаудағы мұражай қызметкерлерінің әлеуетін арттыруға көмектеседі. 2023 жылы Қырғызстанның Мәдениет министрлігінің қолдауымен мұражай ісі, халықаралық мен жергілікті тенденциялардың өзекті мәселелерін талқылау, сондай-ақ кәсіби нетворкинг үшін алаңға айналған Бірінші Ұлттық мұражай фестивалі ұйымдастырылды.


2023 жылдан бастап ОАУ Орталық Азияның тілдері және мәдениеттерін ілгері жылжыту бойынша Оксфорд университетімен ынтымақтастық орнатып келеді.

1. АХАЖ оқытушылардың біліктілігін арттыру бойынша тренингі

2. Орталық Азия мұражайларын дамыту жөніндегі ММГҒБ бағдарламасы

3. ММГҒБ мәдени көрінісі

Ага Хан Университеті (ОАУ еншілес агенттігі) ұйымдастырған «Әлем төбесінің дауыстары» деректі серия аясында түсірілген «Суық жел алқабы» фильмі Қырғызстан климатының өзгеруі және мұзтауларының еруі проблемасына арналған. Бұл сериал 2023 жылы экологиялық журналистика саласындағы көрнекті жетістіктері үшін жақында Колумбиялық журналистика мектебінің Джон Б Оакс беделді сыйлығымен марапатталды.





ОАУ студенттери

Мәдени өндіріс

ММГҒБ қазіргі заманғы мәдени өндіріс және мәдениеттік тәжірибелер алдында тұрған проблемаларды шешу үшін Орталық Азияның мәдени мұрасын сақтап және насихаттай отырып, шығармашыл жастар желісімен өзара қызметтеседі. Мәдени өндіріс өңірдегі мәдени шығармашылық, биомәдениеттік түрлілік және экомәдениеттік туризмді дамытуға бағытталған. Ол заманауи аудиторияның мәдени мұрасын шығармашыл мәтіндер, фотоэссе, фильмдер, анимация, сән, сондай-ақ театрлық және музыкалық қойылымдар сияқты форматтарда ұсынады.

ММГҒБ тау қауымдастықтарының мәдени мұрасын сақтау мәселелеріне арналған бірнеше ерекше деректі фильм шығарды. «Жаһандық түйткілдер» британдық зерттеу қоры қолдауымен түсірілген «Үміт пен мұра жолы» фильмі Орталық Азия және солтүстік Пәкістанның таулы қауымдастықтарының мәдени мұрасын сақтау проблемаларына арналған.

2024 жылы күтілетін оқиғалар

- «Урбанизм және Нарынның визуалдық дәстүрлері. Қазақ және қырғыз суретшілеріне арналған Нарын арт-резиденциясы» фильмінің тұсаукесері, қыркүйек.
- «Орталық Азияның жан тебіреністері» фильмінің тұсаукесері, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның музыкалық аспаптары туралы деректі фильм, қараша.
- «Тарих қиыршықтарын жинай отырып: «Құрақ» қырғыздың көп ғасырлық кездеме өнері» кітабының тұсаукесері және мұражайлық көрме, қазан.
- Ага Ханның «Адамтану» жобасының төртінші жыл сайынғы халықаралық конференциясы, Душанбе, қараша.
- «Бадахшанның ғажайып ертегілері» кітабының тұсаукесері, Хорог, Тәжікстан, наурыз.
- «Тасқа қашалған Орталық Азия тарихы: петроглифтерді сақтау және түсіндіру» халықаралық конференциясы, Бішкек, Қырғызстан, сәуір.
- «Орталық Азия әуендері: отбасылық музыкалық ансамбльдер мәдениеті» конференциясы, Душанбе, Тәжікстан, мамыр.



«Аспан жүрегімізде шағылысады» музыкалық жобасының қатысушылары

Орталық әкімшілік кеңсе
Қырғызстан, Бішкек қ., 720001,
Токтогул қ-сі, 125/1

Нарын қ. ОАУ кампусы
Қырғызстан, Нарын қ., 722918,
Ленин қ-сі, 310

Хорог қ. ОАУ кампусы
Тәжікстан, ТБАО, Хорог, 736000,
Киматшо Иматшоев қ-сі, 50/1

Текелі қ. ҚУОМ оқу орталығы
Қазақстан, Текелі қ., 041700,
Гагарин қ-сі, 13

info@ucentralasia.org

www.ucentralasia.org

[f](#) [@](#) [v](#) [x](#) @ucentralasia